**"Ансаған Петролеум" Акционерлік қоғамының**
**("Ансаған Петролеум" АҚ)**
**АКЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІНЕ ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

**І Бөлім. "Ансаған Петролеум" Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Акционерлік Қоғам" немесе "Қоғам") туралы жалпы мәліметтер**

1. Проспектінің 11-тармағына өзгертулер енгізіліп, тармақ келесі редакцияда берілсін:

**11. Қоғамның корпоративтік басқару кодексінің қабылданған күні (оның қабылдануы қоғам жарғысымен қарастырылған жағдайда):** "Ансаған Петролеум" АҚ-ның Корпоративтік басқару кодексі 2015 жылғы 26 тамызда Қоғам акционерлерінің жылдық Жалпы жиналысының шешімімен бекітілді.

**ІІ Бөлім. Қоғам органдары және құрылтайшылар (акционерлер)**

2. 12-тармаққа өзгертулер енгізіліп, тармақ келесі редакцияда берілсін:

**12. Қоғам директорларының кеңесі**

| № | 1) Қоғамның директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты, туған жылы (тәуелсіз директорды (директорларды) қоса көрсету) | 2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген тұлғалардың соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жүрген, оның ішінде қосымша атқарып жүрген қызметтері мен қызметке тұрған күні хронологиялық тәртіпте | 3) Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы | 4) еншілес және тәуелді ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталдағы үлестерінің) жалпы санына пайыздық қатынасы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Аблазимов Бахаридин Нугманович,** 1969 ж.т.<br><br>Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы. | 25/08/2015 ж. бастап қазіргі кезге дейін – Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы Қызметіне тұрған күні: 25/08/2015 ж.;<br><br>20/08/2015 ж. бастап қазіргі кезге дейін – Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Қызметіне тұрған күні: 20/08/2015 ж.;<br><br>14/12/2012 ж. бастап қазіргі кезге дейін – «Мәтен Петролеум» АҚ-ның Алматы қ. Өкілдігінің директоры Қызметіне тұрған күні: 14/12/2012 ж.;<br><br>02/04/2012 ж. - 01/01/2013ж. аралығында – «Мәтен Петролеум» АҚ-ның Президенті. | 30% | 0% |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Қызметіне тұрған күні: 02/04/2012 ж.;<br><br>29/11/2010ж. - 07/08/2014ж. аралығында - «Мэтен Петролеум» АҚ-ның Директорлар кеңесінің мүшесі.<br>Қызметіне тұрған күні: 29/11/2010ж.;<br><br>Басқа қызметтер, оның ішінде бұған қоса қызметтер атқармайды. | | |
| **2** | **Достыбаев Ержан Нурбекович**, 1973 ж.т.<br><br>Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі. | 20/08/2015 ж. бастап қазіргі кезге дейін – Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі<br>Қызметіне тұрған күні: 20/08/2015 ж.;<br><br>01/01/2013 ж. - 27/11/2014 ж. аралығында – «Мэтен Петролеум» АҚ-ның Алматы қ. Өкілдігі директорының бірінші орынбасары.<br>Қызметіне тұрған күні: 01/01/2013 ж.;<br><br>07/02/2008 ж. - 02/05/2013ж. аралығында –<br>«ОрдабасыМунайГаз» АҚ-ның Вице-президенті<br>Қызметіне тұрған күні: 07/02/2008ж.<br><br>Басқа қызметтер, оның ішінде бұған қоса қызметтер атқармайды. | 10% | 0% |
| **3** | **Кудайкулов Халмаханбет**, 1953 г.р.<br><br>Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі (Тәуелсіз директор) | 20/08/2015 ж. бастап қазіргі кезге дейін – Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі (Тәуелсіз директор)<br>Қызметіне тұрған күні: 20/08/2015 ж.;<br><br>01/01/2012 ж. бастап қазіргі кезге дейін – «Мэтен Петролеум» АҚ-ның Алматы қ. Өкілдігінің геофизигі.<br>Қызметіне тұрған күні: 01/01/2012 ж.;<br><br>Басқа қызметтер, оның ішінде бұған қоса қызметтер атқармайды. | 0% | 0% |

**Директорлар кеңесінің құрамында соңғы екі жылдағы өзгерістер және аталған өзгерістердің себептері:** соңғы екі жылда Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер енгізілмеген.

3. 13-тармаққа өзгертулер енгізіліп, тармақ келесі редакцияда берілсін:

**13. Акционерлік қоғамның алқалық (жеке-дара) атқарушы органы**

| № | 1) Акционерлік қоғамның жеке-дара атқарушы органының қызметін атқаратын тұлғаның тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты, туған жылы | 2) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген тұлғалардың соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жүрген, оның ішінде қосымша атқарып жүрген қызметтері хронологиялық тәртіпте, өкілеттіктері мен қызметке тұрған күнімен қоса | 3) осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген тұлғаға тиесілі дауыс беруші акциялардың қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы |
|---|---|---|---|
| **1** | **Серикбаев Серик Багитович,** 1964 ж.т. | 26/08/2015 ж. бастап қазіргі кезге дейін – Қоғамның Бас Директоры.<br>Өкілеттіктері:<br>1. Тиісті шешім қабылдау үшін, Қоғам қызметінің басым бағыттарының жобаларын, Қоғамның даму стратегияларын немесе Қоғамның даму жоспарын әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну туралы шешім қабылдайды;<br>2.Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында акционерлердің Жалпы жиналысымен, Директорлар кеңесімен қабылданатын құжаттарды қоспағанда);<br>3. Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерді орындауын ұйымдастырады;<br>4.Үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;<br>5. Үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан әрекет ету құқығына сенімхат береді;<br>6.Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, орнын ауыстырады және қызметінен босатады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған жағдайлардан басқа), оларға ынталандыру шаралары мен тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің штаттық кестеге сәйкес қызметақы көлемдері мен қызметақыға жеке үстемелердің көлемдерін белгілейді, аталған шешімдерді Директорлар кеңесінің Төрағасымен келіскеннен кейін, Директорлар кеңесінің және Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерден басқа қызметкерлердің сыйақы көлемдерін белгілейді;<br>7.Өзі болмаған жағдайда, өзінің міндеттерін орынбасарларының біріне атқаруды жүктейді;<br>8.Өзінің орынбасарлары арасында олардың міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершілік аясын бөледі;<br>9.Қоғам Жарғысымен, Акционерлердің Жалпы жиналысымен, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленген және аталған органдардың айрықша құзыретіне кірмейтін басқа қызметтерді де атқарады.<br>Қызметіне тұрған күні:<br>26/08/2015 ж.;<br><br>22/05/2015ж. - 26/08/2015ж. аралығында –<br>«Ансаған Петролеум» АҚ-ның жалпы мәселелер бойынша директоры.<br>Өкілеттіктері: Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, орнын ауыстырады және қызметінен босатады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған жағдайлардан басқа), оларға ынталандыру шаралары мен тәртіптік жаза қолданады, Қоғам қызметкерлерінің штаттық кестеге сәйкес қызметақы көлемдері мен қызметақыға жеке үстемелердің көлемдерін белгілейді, аталған шешімдерді Директорлар кеңесінің Төрағасымен келіскеннен кейін, Директорлар кеңесінің құрамына кіретін қызметкерлерден басқа қызметкерлердің сыйақы көлемдерін белгілейді.<br>Қызметіне тұрған күні:<br>22/05/2015 ж.;<br><br>17/04/2015 ж. - 22/05/2015 ж. аралығында –<br>«Ансаған Петролеум» ЖШС-нің Ақтау қ. филиалының директоры.<br>Өкілеттіктері: Филиал туралы Ережеге сәйкес өкілеттіктері шегінде Серіктестік | 0% |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | атынан сенімхат бойынша әрекет етеді, Серіктестікпен бекітілген жоспарға сәйкес, Филиал қызметін оперативтік басқаруды жүзеге асырады. Өзіне берілген құқық шегінде Филиал қаражаттарына иелік етеді, Филиал қызметі шегінде мәмілелер жасайды. Филиал мүлігінің сақталуын қамтамасыз етеді. Филиалдың құжат айналымын жүзеге асырады<br>Қызметіне тұрған күні:<br>17/04/2015ж.;<br><br>08/04/2013 ж. - 17/04/2015 ж. аралығында –<br>«Жалгизтобемунай» ЖШС-нің Бас директоры.<br>Өкілеттіктері: серіктестік қызметін қамтамасыз етуге қатысты қатысушының айрықша құзыретіне жатпайтын барлық мәселелері Серіктестіктің Бас директорының құзыретіне жатқызылады, оның ішінде:<br>• ағымдағы және болашақ жұмыс бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;<br>• қатысушы шешімдерінің дайындалуы мен орындалуын ұйымдастырады, оған орындау туралы есептер тапсырады;<br>• серіктестік мүлігіне, оның ішінде ақшалай қаражаттарына қатысушымен белгіленген шектерде иелік етеді.<br>Қызметіне тұрған күні:<br>08/04/2013ж.;<br><br>01/03/2010ж. - 08/04/2013ж. аралығында –<br>«Каспий нефть» АҚ-ның Техникалық директоры.<br>Өкілеттіктері: Өндіріс барысының оперативтік реттелуін қамтамасыз етеді. Өндіру саласында және кәсіптік мұнай мен газ жинауда, қабат қысымын сақтау және ұңғымаларды жөндеу үшін су айдау цехтарының жұмысын үйлестіреді. Оперативтік өндірістік жоспарлардың әзірленіп, әрбір өндірістік бөлімшеге дейін жеткізілуін басқарады. Мұнай мен газ өндіру, қабат қысымын сақтау және ұңғымаларды жөндеу бойынша жоспарлы тапсырмалардың орындалуына бағытталған ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың әзірленуін ұйымдастырады, олардың орындалуын бақылауда ұстайды. Кен орнын жайластыру жобаларын әзірлейді. Жұмыссыз бос тұрған ұңғымаларды қысқарту бойынша іс-шараларды, сондай-ақ мұнай өндіру және су айдау барысын автоматтандыруды, телемеханизацияны компьютерлендіруді арттыру бойынша іс-шараларды әзірлейді. Өндірісті дамыту және қайта құрудың перспективалық және жылдық жоспарларын әзірлеп, еңбек шығындарының азаюын, қауіпсіздік ережелерінің талаптары мен өндірістік санитария нормаларын ескере отырып, өндірісті дайындаумен айналысады.<br>Қызметіне тұрған күні:<br>01/03/2010ж.;<br><br>Басқа қызметтер, оның ішінде бұған қоса қызметтер атқармайды. | |

4. 15-тармаққа өзгертулер енгізіліп, тармақ келесі редакцияда берілсін:

**15. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы.**

1) Акционерлік қоғамның құрылымдық бөлімшелері

| № | **Құрылымдық бөлімшенің атауы** |
|---|---|
| 1 | Директорлар кеңесі |
| 2 | Бас директор |
| 3 | Бас директордың кеңесшісі |
| 4 | Бас директордың көмекшісі |
| 5 | Техникалық директор |
| 6 | Қаржы директоры |
| 7 | Коммерциялық директор |
| 8 | Жалпы мәселелер бойынша директор |
| 9 | Өндірістік-техникалық бөлім |
| 10 | Геология және кен орнын өңдеу бөлімі |
| 11 | Экология, өрт қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай бөлімі |
| 12 | Бухгалтерия |
| 13 | Бюджеттендіру және қаржылық талдау бөлімі |
| 14 | Материалдық-техникалық жабдықтау бөлімі |
| 15 | Заң бөлімі |
| 16 | Мұнай кәсіпшілігі (вахталық әдіс) |
| 17 | Филиал Ақтау қ. |

Қоғамның Ұйымдық құрылымының схемасы "Ансаған Петролеум" АҚ-ның акциялар шығарылымының проспектісіне №2 Қосымша болып табылады.

2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің, оның ішінде акционерлік қоғамның филиалдары мен өкілдіктеріндегі қызметкерлерінің жалпы саны: 137 адам.

3) акционерлік қоғамның акцияларына иелік ететін акционерлік қоғам қызметкерлерінің жалпы саны, және олардың орналастырылған акциялардың жалпы санынан жиынтық үлесі пайызбен:

Қоғамның бір қызметкері Қоғамның орналастырылған қарапайым акцияларының жалпы санынан Қоғамның қарапайым акцияларының 10%-на иелік етеді.

4) акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты, туған жылы):

| № | Тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты | Бөлімше, Басшының қызметі | Туған жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | Аблазимов Бахаридин Нугманович | Директорлар кеңесінің төрағасы | 1969 |
| 2 | Серикбаев Серик Багитович | Бас директор | 1964 |
| 3 | Достыбаев Ержан Нурбекович | Бас директордың кеңесшісі | 1973 |
| 4 | Аппаз Жармухамед Динмухаметұлы | Бас директордың көмекшісі | 1994 |
| 5 | Курбанбаев Ерболат Муратович | Қаржы директоры | 1981 |
| 6 | Маркабаев Калдыбай Жеткизгенович | Бас геолог | 1959 |
| 7 | Салпеков Алибек Сайлаубекович | Коммерциялық директор | 1985 |
| 8 | Суйеуов Тимур Акмуратович | Техникалық директор | 1978 |
| 9 | Березина Анастасия Валерьевна | Жалпы мәселелер бойынша директор | 1980 |
| 10 | Дарибаев Каныш Султангалиевич | Заң бөлімінің бастығы | 1961 |
| 11 | Акмурзиев Шиген | Экология, өрт қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай бөлімінің бастығы - Бас техникалық жетекші | 1953 |
| 12 | Кайралиева Куляш Багитовна | Бас бухгалтер | 1967 |
| 13 | Мухамбетов Мырзабай Аманкосович | Материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы | 1978 |
| 14 | Мұрабек Жалғас Иванұлы | Геология және кен орнын өңдеу бөлімінің бастығы | 1986 |
| 15 | Тажигалиев Марат Утепкалиевич | Бюджеттендіру және қаржылық талдау бөлімінің бастығы | 1974 |
| 16 | Таскибаев Куан Бердовлетович | Өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы | 1983 |
| 17 | Кобландиев Турлан Сандижанович | Мұнай кәсіпшілігінің бастығы | 1982 |
| 18 | Панаев Досмурат Шакирович | Мұнай кәсіпшілігінің бастығы | 1973 |

5) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты, туған жылы).

| № | Тегі, аты, болған жағдайда – әкесінің аты | Филиал/ Өкілдік, басшының қызметі | Туған жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | Агиюев Рашид Илесович | Ақтау қ. филиалының директоры | 1970 |

5. 17-тармаққа өзгертулер енгізіліп, тармақ келесі редакцияда берілсін:

**17. Акционерлік қоғам ірі акционер болып табылатын немесе ұйымның жарғылық капиталында он және одан астам үлес пайызына иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер.**

Акционерлік қоғам ірі акционер болып табылмайды және ұйымның жарғылық капиталында он және одан астам үлес пайызына иелік етпейді.

6. 23-тармаққа өзгертулер енгізіліп, тармақ келесі редакцияда берілсін:

**23. Қоғамда бар лицензиялар (патенттер) және олардың қолдану мерзімдері, зерттемелер мен әзірленімдерге, оның ішінде қоғам демеушілік жасайтын зерттеу әзірленімдеріне жұмсалатын шығындар туралы ақпарат.**

| Ұйымның атауы | Лицензияның нөмірі мен күні, беруші орган | Лицензия берілген қызмет (жұмыс, қызмет) түрі | Лицензияны қолдану мерзімі |
|---|---|---|---|
| "Ансаған Петролеум" Акционерлік қоғамы | 01.07.2015 ж. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті | Мұнай-химиялық өндірістерді жобалаумен (технологиялық және (немесе) тау-кен (барлау, пайдалы қазбаларды өндіру) жұмыстарымен айналысу, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай мен газ саласындағы мұнай өнімдерінің құбырларын пайдалану | мерзімсіз |

7. 27-тармаққа өзгертулер енгізіліп, тармақ келесі редакцияда берілсін:

**27. Инвестициялар.**

Акционерлік қоғамның басқа ұйымдардың капиталында, бағалы қағаз портфелінің құрылымында ұзақ мерзімді инвестициялары жоқ.

8. Проспектінің барлық қалған ережелері өзгеріссіз қалдырылсын.

**Бас директор** _______________ **Серикбав С.Б.**

**Бас бухгалтер** _______________ **Кайралиева К.Б.**

**МО**

Ұйымдық құрылым "Ансаған Петролеум" АҚ-ның Директорлар кеңесінің 25.08.2015ж. №1 хаттамасымен бекітілді

**"Ансаған Петролеум" АҚ-ның акциялар шығарылымының проспектісіне №2 қосымша**

## "Ансаған Петролеум" АҚ-ның ұйымдық құрылымы

